

ОӘЖ 372.853

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

**Закирқызы Нүргүл**

[nurgul.zakirovna@bk.ru](mailto:nurgul.zakirovna@bk.ru)

6B01510 «Физика пәнінен мұғалімдер даярлау» мамандығы бойынша 3-курс студенті,  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – А.А. Абдрахметова

Үстіміздегі жылдың 8 қаңтарында мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды деген Ақорданың ресми сайтында [1] көрсетілген жаңалығы бұқаралық ақпараттар көздерін елеңсіз қалдырмады. Өткен жылдың соңында қашықтықтан оқыту пандемияға дейін заңды түрде бекітілмегендіктен, Сенат депутаттары білім туралы заңға түзетулер қабылдады. Түзетулер бірінші рет заңға еніп отырған, «қашықтықтан оқыту» (ҚО) ұғымын нақтылайды және оны жүзеге асыру тәртібін анықтайды. Осы ретте, заң жүзінде бекітілген қашықтықтан оқыту технологиясының концепциясы болашақта елімізде жүйелі түрде орын алатындығының бірден бір көрінісі екенін көрсетеді. Сол себептен де Қазақстан қоғамы үшін жаңа кезең талаптарына, яғни АКТ-ны қолдануға бейімделу аса маңызды болып отыр.

Қазіргі таңда қашықтықтан оқытуға бейімделу үдерісі бірнеше кезеңдерден өтуде, яғни қарапайым ақпараттандырудан бастап роутерлер мен компьютерлерді мұқтаж оқушыларға үлестіріп, сабақтарды жүргізуге дейінгі, онымен қоса, ата-аналар мен ұстаздар тарабынан көптеген сыни оң және теріс көзқарастар орын алуда. Кемшіліктермен жұмыс жасау мақсатында, мамандар үздіксіз түрлі қоғамдық сұрақ-жауапқа арналған форумдар мен сайттарда [2] жазылған пікірлерге мән беріп, талдау да жасалып отырады. Осындай қоғамдық пікірлер аясынан қашықтан оқытудың кемшіліктері мен артықшылықтары да жіктеледі.

Қашықтықтан оқыту технологиясының тиімділігін бағалау үшін алдымен оның күндізгі оқыту формасынан айырмашылығын қарастырайық. Қашықтықтан оқытудың келесідей ерекшеліктерін атап айтуға болады:

- тұрғылықты жері немесе жұмыс орны бойынша оқыту, сәйкесінше білім беру үдерісінің үлестірмелі сипатта болуы;

- оқу үдерісінің икемді кестесі негізінде жұмыс жасау мүмкіндігі, бұл орайда оқытушылар мен білім алушылар сабақ өту немесе бақылау жүргізуде уақыт таңдаудағы еркіндігі;

- оқытушымен (тәрбиешімен) байланыс, негізінен телекоммуникация арқылы жүзеге асырылады [3].

Жоғарыда көрсетілген ерекшеліктермен қоса [4] жұмысының авторы ҚО технологияларын қолдану арқылы оқу үдерісі компоненттерінің құнының төмен болуы, кез-келген уақытта теориялық материалдарды білім алушыға электронды нұсқасын жөнелту, педагогикалық тәжірибенің сақталуы және мұғалім жүктемесінің жеңілдеуі секілді артықшылықтарын тізіп көрсетті.

Сонымен қатар, ҚО-дың дәстүрлі білім беруден түбегейлі айырмашылығы жаңа білім беру ортасын құру арқылы өзіне қандай білім, біліктілік және дағды қажет екенін нақты

білетін студенттің келуі. Онымен қоса, ҚО ерекшеліктерінің бір қыры болып білім алушыларға өз бетінше дамыған ақпараттық ресурстарды (ақпараттар мен білім базасы, компьютер, оның ішінде мультимедия, оқытатын және бақылау жүйелері, бейне және аудио жазбалар, электронды кітапханалар, сондай-ақ дәстүрлі оқулықтар мен оқу құралдары) қолдана отырып қажетті білімдерді алуға мүмкінді беру болып табылады.

Әрине артықшылық бар жерде кемшіліктер де үздіксіз орын алып жатады. Оларға құзыретті органдармен шешілетін интернет байланысы сапасының нашар жұмыс жасалуы мен ҚО курстарын оқытатын оқытушылар мен білім алушылар бірігіп шешетін педагогикалық-психологиялық мәселелерді жатқызуға болады. Төменде осы форматта білім беру бойынша оқытушы мен білім алушының қатынасына байланысты кемшіліктер жіктелген:

- оқу процесі барысында қатысушылар арасында тұлғааралық байланыс орнатудағы қиындықтар;

- ынтымақтастықта оқыту кезінде тиімді жұмыс істейтін шағын оқу топтарын құру мәселелері;

- оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін оқыту стилін және білім алушылармен ақпаратты қабылдауда жеке ерекшеліктерін анықтау;

- оқыту ынтасын бірқалыпты сақтау және өзектендіріп отыру;

- мұғалімнің мінез-құлқының қашықтықтан оқыту үшін таңдалған әдістеме мен педагогикалық технологияға сәйкестігі [3].

Өз бетімен жұмыс жасап, ізденіп үйренген студенттер мен өз бетінше нақты ұстанымдары бар және мектеп тәртібіне бейімделген жоғарғы сынып оқушылары үшін аталған оқыту технологиясы бойынша білім алу айтарлықтай ауыртпалықты сезіндірмегенімен, еркін ортада білім алып үйренбеген, өздеріне қандай білім мен дағдыны қажет ететін орта және бастауыш сыныптарының оқушылары үшін және олармен үй қабырғасында қосымша білім беруге мәжбүр болған түрлі деңгейде білімі (кей жағдайда білімі жетпей жатады) бар ата-аналарға психологиялық қиындықтар туғызды деуге де болады.

Жалпыға бірдей ҚО-дың жағымсыз тұстары ретінде [4,5] жұмысының авторлары келесідей кемшіліктерді негізге алып отыр. Олар:

- оқытушы тарапынан тұрақты бақылаудың болмауы білім алушылардың ынтымағының төмендеуіне әкеледі, сондықтан қашықтықтан оқыту қатал түрде өзін-өзі басқаруды талап етеді және оның нәтижесі оқушының тәуелсіздігі мен саналы болуына тікелей байланысты.

- Әрбір оқушыда дербес компьютердің, жақсы техникалық жабдықтардың, сапалы интернет байланысының болмауы ҚО-ды тиімді ұйымдастыру мен жүзеге асырылуына үлкен кедергі болып отыр.

- Білім алушылар мен мұғалімдердің компьютерлік сауатсыздығы алдыңғы қатарлы технологиялық мүмкіндіктердің барлығын дерлік тиімді қолдануға мүмкіндік бермей отыр, осы орайда компьютерлік сауаттылықты арттыруға бағытталған шаралар, қосымша оқыту курстарынан өту деген мәселелер де орын алуда. Алайда адам баласы қашан да алдында қойылған мәселелерді шешуге жан талмай еңбек етуде, алдына қойған міндеттерді орындап мақсатқа жетуге икемделген, сондықтан бұл мәселелердің шешілуі уақыт пен талап еншісінде.

Енді ҚО бойынша әлемдік тәжірибеге көз жүгіртетін болсақ, ең алдымен қашықтан оқыту 1980 жылдардың аяғына қарай АҚШ -ның Ұлттық технологиялық университетінде (National Technological University) пайда болған. Бастапқыда мұндай оқыту жүйесі мүмкіндігі шектеулі жандарға көбірек арналған болатын. Қазіргі таңда homeschooling түрлі отбасылар арасында танымал, яғни күндізгі бөлімде балаларын сабаққа жібергісі келмеген ата-аналар интернетті пайдаланып сабақтарын оқыта алады. АҚШ-та K12 International Academy секілді парталдар бар және осы арқылы қалауы бойынша кез келген бала толық орта білімі туралы аттестат ала алды. Аталған сайтта оқушылар вебинарларға, видеодәрістерге, дөңгелек үстелдерге қатысады, сабақтар жұмыс күндері жүргізіледі,

дәстүрлі оқыту секілді, әрбір оқушының жетекшілері болады және оқу жылының аяғына қарай дәстүрлі қорытынды емтихан (SAT) тапсырады.

Ұлыбританияда жан-жақты білім беретін, аккредиттелген, жеке меншік және мемлекеттік онлайн мектептер жұмыс жасауда. Әдетте олар Secondary School және Sixth Form – орта және жоғары мектеп, бірақ Primary (бастапқы) мектептер де іске асуда. Нарықта InterHigh, Tute, Briteschool, First College және Net-School секілді мектептер көш бастап келеді. Қашықтан оқыту жүйесі арқылы білім алған оқушылар да қорытынды бақылаулар (мысалы A-Levels — ҰБТ аналогы) тапсырып мемлекеттік үлгідегі аттестат алады.

Канада отбасылары онлайн білім алғанды жақсы көреді, сондықтан да онда бастапқы және орта білім беретін виртуалды мектептер көптеп кездеседі. Contact North деп аталатын канадалық ұйымның арқасында алыс аймақтарда өмір сүретін төрт миллионға жуық канадалықтар мектептер мен университеттерде үйден шықпай білім алуға.

Израильде діни ағымдағы отбасылар да онлайн мектептерді қалайды, сондықтан қашықтықтан оқытатын мектептер дәстүрлі мектептерге балама ретінде пайда болды. Үйде оқу барысын оқушылардың дамуын бағалау мақсатында жылына бір рет тиісті білім органдардан офицерлер келіп тексеріс жасап тұрады. Израильдің білім беру органдары баланың әлеуметтенуі мен біліміне үлкен талап қояды. Егер балалар бекітілген жоспары бар ҚО мектепте оқитын болса және басқа оқушылармен оффлайн кездесулерге қатысатын болса, офицер мұндай қарым-қатынасты құптайтын болады.

Басқа да елдерге келетін болсақ, Франциядағы CNED деп аталатын Қашықтықтан білім берудің ұлттық орталығы статистикасы бойынша әлемнің әр түпкірінен жыл сайын 300 000 аса адам ҚО технологиясы арқылы білім алады. Көптеген австралиялық отбасылар алыс, аз шоғырланған, дәстүрлі мектептері жоқ елді мекендерде өмір сүреді. Онда 1951 жылы School of the Air («Радио арқылы мектеп») деген сырттай оқыту жүйесінің бір түрі пайда болған. Бастауыш және орта мектеп бағдарламасына сәйкес келетін сабақтар белгіленген уақытта радио арқылы таратылды. Әр оқушыға жеке радиотолқын тағайындалып жүзеге асқан. Ал қазіргі таңда радио интернет-технологиясына алмастырылды [6]. Көрші ел Ресей де көптеген алдыңғы қатарлы ЖОО-нда (МГУ, МФТИ, ВШЭ) қашықтан оқыту форматы үшін жағдай жасалып, түрлі елдердің азаматтары үшін ыңғайлы, әрі тиімді білім беріп келеді. Онда 15 ке жуық орта білім беретін онлайн-мектептер жұмыс жасауда. Соңғы уақытта технологияның арқасында білім беру жақсарып келеді және отбасылар балаларын онлайн режимінде оқытуға көшуде. Себебі ол еркіндік пен ұтқырлық береді, ең бастысы, баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне бейімделеді.

Қазақстанның ауыл аймақтарында халық санының аз шоғырлануы, инфрақұрылымның нашар дамуы, мектеп мәселесі, оның техникалық жабдықталуы, қаржыландырылуы, сапалы білім мен кадрлар мәселесі де қазіргі таңның өзекті әлеуметтік мәселелері болып отыр. Кез келген еліміздің баласы үйінде отырып, алдыңғы қатардағы мектептерден кем болмайтын, қашықтан сапалы білім ала алатын болса, болашағына үмітпен қарайтын сапалы азаматты қоғамға әкелудегі мемлекетіміздің білім жүйесінің жетістігіне деген маңызды қадамы болар еді.

Қазақстанда қашықтан оқыту бір жылдың көлемінде пандемияға байланысты жаппай тәжірибеден өтуде, және бұл біз үшін ақпараттық технологияларды меңгеруімізге жаңа мүмкіндіктер тудыруда. Қашықтықтан оқыту – бұл жаңа технология және бір жағынан қызықтырып, өзіне тартса, екінші жағынан үрей туғызып, өзінен итеруде. Дегенімен, қай салада болсын технологиясы дамыған мемлекет көш бастайды, сондықтан еліміздің жарқын болашағы барлық салада жаңа технологияларды меңгерумен және құрастырылумен тікелей байланысты. Мұндай технология дамыған мемлекеттерде бұрыннан қолданылып келе жатқандықтан, жақсы ойластырылып жүзеге асырылған қашықтықтан оқыту технологиясы Қазақстанда да жақсы нәтиже береді деген ойды қалыптастырады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. [https://www.akorda.kz/ru/legal\\_acts/laws/glavoi-gosudarstva-podpisan-zakon-respubliki-kazahstan-o-vnesenii-izmenenii-i-dopolnenii-v-nekotorye-zakonodatelnye-akty-respubliki-kazahsta-284](https://www.akorda.kz/ru/legal_acts/laws/glavoi-gosudarstva-podpisan-zakon-respubliki-kazahstan-o-vnesenii-izmenenii-i-dopolnenii-v-nekotorye-zakonodatelnye-akty-respubliki-kazahsta-284)
2. <https://liter.kz/distanczionnoe-obuchenie-pravo-ili-bespravie/>
3. Шаров В.С. Дистанционное обучение: форма, технология, средство // Известия Российского государственного педагогического университета им. А. И. Герцена. Секция Педагогика. 2009. С. 236-239.
4. Байбергенова Ж.А. Дистанционное обучение, как один из активных методов обучения // «ǴYLYM JÁNE BILIM - 2020» XV Халықаралық студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми конференциясы. 2020. 337-339 бб.
5. Воробьева С.А. Дистанционное обучение: сегодня и завтра // Муниципальное образование: инновации и эксперимент. Секция Экспериментальные площадки. Москва. 2012. №6. С. 64-68.
6. <https://externat.foxford.ru/polezno-znat/e-education>